

**№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасының қамқоршылық кеңес  
отырысының №1 хаттамасынан көшірме**

Алға қаласы

08.09.2025 жыл

**Өткізілетін орны:** №2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы

**Қатысушылар:** саны -7 адам. Балабақша меңгерушісі, қамқоршылық кеңес төрағасы, кеңес мүшелері.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. 2025-2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңес отырысының жоспарын талқылау және бекіту.

2. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы есебі.

**ТЫНДАЛДЫ:** Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Балзия Бисенбайқызы сөз сөйлеп, 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарда Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты мен міндеттері, отырыстардың мерзімділігі, қарастырылатын негізгі бағыттар қамтылғаны айтылды. Білім беру қызметінің сапасына қоғамдық бақылау жүргізу; тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ету; әлеуметтік осал отбасыларға қолдау көрсету; материалдық-техникалық базаны нығайтуға жәрдемдесу; демеушілік және қайырымдылық көмекті ұйымдастыру; қаржылық ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету. Кеңес төрағасы Орынгуль Есенғалиқызы сөз алып, жоспардың оқу жылының негізгі басымдықтарына сәйкес жасалғанын атап өтті. Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. Жоспарда кеңес мүшелерінің міндеттерімен бөлісу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік сатып алу жоспарын веб порталға орналастыру, 2026 жылға қаржыны жоспарлау іс-шараларына бақылау. Балабақша тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау. МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын нығайту мәселелері. (топтардың дамытушы ортасын толықтыру). Тәрбиеленушілерге берілетін тағам сапасына мониторинг жүргізу. Қамқоршылық кеңесінің бір жылдық жұмысының талдау есебі. Келесі оқу жылына МДҰ ғимаратын дайындау: Жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары: балабақша аймағында спорттық алаңын жабдықтау, барлық топтардың ойын алаңдарын жабдықтау жұмыстарының жүргізілуі сияқты жұмыстар жоспарланған.

Кеңес мүшелері тарапынан келесі ұсыныстар айтылды:

1. Ата-аналармен кері байланысты күшейту мақсатында тоқсан сайын есеп беру ұйымдастыру.
2. Қауіпсіздік мәселелерін әр отырыстың тұрақты қаралатын тармағы ретінде енгізу.
3. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілердің тізімін нақтылау және қолдау шараларын жүйелеу.